



БҰЙРЫҚ

07.09.2023 жыл

ПРИКАЗ

№ 38

Жаңаарқа кенті

поселок Жаңаарқа

Мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдегі “Білім туралы” Заңына, Қарағанды облыстық маслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы ХІУ сессиясының “2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы” № 588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсанындағы № 490 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ – 76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Ұлытау облыстық маслихатының ХІІ сессиясының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы №12/84 «2023 – 2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы шешімі мен Ұлытау облысының білім басқармасының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №84 – н бұйрығын және «Жаңаарқа ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 06.09.2023 жылғы №93 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

2023 жылғы 04 Қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен жалпы білім беретін мектептердегі 1 – 4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5 – 11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын;

1. 1 – 4 сыныптар барлығы - 305 оқушы, жалпыға міндетті білім беру

қорынан әлеуметтік санатына қарай ыстық тамақпен қамтылатын – 46 оқушы;

2. Бір мезгіл ыстық тамақ 1 - 4 сыныпқа - 500 тенге, жалпыға міндетті білім беру қорынан - 500 теңге мөлшерін құрайды.

3. Мектеп асханасында ата – аналар төлем есебінен тамақтанатын білім алушылардың қолма – қол ақшасыз есеп айырысуы бойынша тиісті шаралар ұйымдастырылсын.

4. Стандартқа сәйкес жалпыға міндетті білім беру қорынан тегін тамақтандыруға тиесілі құжаттарды жинастыруды қадағалау әлеуметтік педагог Әлиманова Ф. Б. жүктелсін.

5. Асханадан берілетін тамақтың сапасын күнделікті бақылау брокираждық комиссия және тәрбие ісі жөніндегі орынбасар М. С. Жакееваға міндеттелсін.

6. Сынып жетекшілер мұғалімдер аралығынан тамақтануға байланысты асханада кезекшілік ұйымдастырылсын.

7. Мектепте тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыру қамтамасыз етілсін

8. Жоғарыда аталған асхана жұмысына тамақтануға күнделікті бақылау жасау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. С. Жакеева міндеттелсін.

Негізі: «Жаңаарқа ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 06.09.2023 жылғы №93 бұйрығы.

Мектеп директорының м.а.



Д.Д.Изтулеуов

Таныстым Селсеф Жакеева М. С.

Таныстым Әлиманова Әлиманова Ф.Б.